

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ ЕЛБАСЫНЫҢ БАСТАМАСЫМЕН МАШИНА ЖАСАУ САЛАСЫ МЕН ТРАНЗИТТІК КӨЛІК ХАБЫН ДАМУҒА МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН 30 МИЛЛИАРД ДОЛЛАРҒА ЖУЫҚ ҚАРЖЫ БӨЛІНДІ. ҚАЗІРГІ ТАҢДА ҚАЗАҚСТАНДА ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС АЗИЯ ЕЛДЕРІН ЕУРОПА ЕЛДЕРІМЕН БАЙЛАНЫСТЫРАТЫН ЖӘНЕ БАСҚА МЕМЛЕКЕТТЕРГЕ ШЫҒУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕТІН КӨЛІКТІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ ХАБ «ҚАҢҚАСЫ» ЖАСАЛДЫ ДЕУГЕ БОЛАДЫ. СОНЫҢ НӘТИЖЕСІНДЕ, ЖЫЛ САЙЫН ТРАНЗИТТІК ТАСЫМАЛ, ОНЫҢ ІШІНДЕ КОНТЕЙНЕРЛІК ТАСЫМАЛ ҚАРҚЫНДЫ ӨСУДЕ



Берік ҚАМАЛИЕВ,
ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің вице-министрі



№78 (2686)
24/09/2021

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

Қазақстан машина жасаушыларының ІХ форумы: ТЕМІРЖОЛДАҒЫ ТЫҢ ЖОБАЛАР



Елордадағы ЕХРО халықаралық көрме кешенінде Қазақстан машина жасаушыларының ІХ форумы өтті. Екі күнге жоспарланған шараның пленарлық отырысына ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Роман Скляр қатысып, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып берді.

Райхан РАХМЕТОВА,
Нұр-Сұлтан

Президент өз құттықтауында Қазақстан машина жасаушылары алға қойылған міндетті абыроймен еңсеріп, шығарылатын бұйымдардың аталымын кеңейтіп жатқанын атап өткен. Мемлекет машина жасау саласындағы өзекті жобаларды әрқашан қолдап келгені және қолдай беретінін жеткізген.

Форумның екінші күні өткізілген секциялық отырыстардың бірі

теміржолдағы машина жасау саласына арналды. Отырысқа «ҚТЖ» ҰК» АҚ бас инженері Батыр Котырөв төрағалық етті.

– Бүгін машина жасаудың басу салалары бойынша отырыстар өтуде. Солардың ішінде теміржолдағы өндірістік кәсіпорындар бір алаңда бас қосып отырмыз. Қазақстанда темір жол саласын дамыту мен қолдау бойынша айтарлықтай жұмыстар жүргізілуде. Бүгінгі отырыста сол жұмыстар нәтижелері мен осы саладағы өзекті мәселелер шешімі

табылады деген сенімдемін, – деді Б.Котырөв.

Әрі қарай баяндамашылар сөз кезегін алып, ұлттық компанияның техникалық саясат және реттеу департаментінің бас менеджері Ерлан Смаилов «Теміржол өнімдерін өндіру бойынша жүргізілген тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар туралы» баяндады.

– Компанияда машина жасау кәсіпорындарымен өзара қарым-қатынас жүйесі жолға қойылған. 2018-2020 жылдар аралығында 194 тәжірибе

жұмыстары жиналды. Теміржолдағы машина жасау саласында 100-ден астам кәсіпорындар жұмыс істеп жатыр. Ғылыми-конструкторлық және тәжірибелік жұмыстарды енгізу үшін техникалық орталық жұмыс істейді. Теміржол саласындағы машина жасау кәсіпорындарымен өзара байланыс орнатуда осы орталық «фронт кеңсе» болып саналады, – деді ол өз сөзінде.

«Проммашкомплект» ЖШС бас директорының орынбасары Иван Дычко «Өнімдердің жаңа түрлерін игеру туралы» мәліметтер берсе, «Қамқор Менеджмент» ЖШС өндіріс қауіпсіздігі жөніндегі атқарушы директоры Әділжан Шоманов «Шпал өндіруде полимерлі және композитті технологияларды қолдану туралы» баяндады. Пленарлық отырыста өзге де машина жасау саласы кәсіпорындарының өкілдері сөз алып, ой-пікірлерімен бөлісті.

Форумға қатысушылар Қазақстандағы заманауи теміржол машина жасау ісінің дамуы туралы айта келе нарықтың бұл саладағы барлық мәселелерді шеше алмайтынын, сондықтан стратегиялық консультант ретінде ұзақ мерзімді жоспарлау, болжау, талдау мәселелерінің шешімін өз мойнына алу үшін мемлекеттің осы іске қатысуын күшейту қажеттілігін алға тартты. Сонымен қатар стратегиялық жоспарлар жасап, нарыққа ұдайы мониторинг жүргізіп отыратын, тұрақты талдау есебін дайындайтын ғылыми-талдау орталығын ашу туралы ұсыныстар берілді. Мемлекет теміржол машина жасау секторында инновацияны дамытуды белсенді қолдап, әсіресе инновациялық вагондарды тиімді қолдану саласында зерттеулерді ынталандыру керектігі, сол үшін отандық көлік ғылымының әлеуетін дұрыс пайдалану қажеттілігі айтылды.

ЗА ВКЛАД В РАЗВИТИЕ ОТРАСЛИ



Работники железнодорожной отрасли отмечены знаком «Құрметті машина жасаушы».

Церемония награждения состоялась в ходе IX форума машиностроителей в столице с участием вице-министра индустрии и инфраструктурного развития РК Берика Камалиева.

В своей речи Берик Камалиев отметил, что, несмотря на пандемию, транзитные перевозки в стране увеличились. В частности, контейнерные.

– Задача этого года – довести объем контейнерных перевозок до 1 миллиона ДФЭ. За последние 10 лет по маршруту Китай – Европа – Китай контейнерные перевозки выросли в 10 раз. Роль инфраструктуры и инженерии в этом велика, – подчеркнул Берик Камалиев.

– Сегодня эта отрасль стремительно развивается. Мы поставляем на наш рынок автомобили и локомотивы. В целом сейчас Казахстанская железная дорога уделяет особое внимание контейнеризации. Отметим, что проект открытия высокоскоростного маршрута Туркестан – Шымкент – Ташкент для развития внутреннего туризма был представлен Президенту. Сейчас он находится на рассмотрении Правительства.

Вице-министр отметил вклад в развитие машиностроительной отрасли ряда работников железнодорожного транспорта. Почетным знаком «Құрметті машина жасаушы» награжден директор по безопасности движения АО «НК «ҚТЖ» Марат Шакиров, в т.ч. директор по производству ТОО «Вагоностроительная компания «Тальго» Сейтжан Илиясов, мастер цеха диагностики и испытания ТОО «Электровоз құрастыру зауыты» Габит Бейсенов, начальник сборочного цеха Данияр Рысмагамбетов и руководитель отдела технического контроля Даулет Рахимжанов АО «Локомотив құрастыру зауыты», начальник цеха ТОО «Проммашкомплект» Юрий Кобеляцкий. Махаббат НЕГЕМБАЕВА, Нұр-Сұлтан

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛДЫҢ СЕГІЗ АЙЫНДА ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ АРАСЫНДАҒЫ ТАСЫМАЛ КӨЛЕМІ

14,4 млн
ТОННАНН АҚ

БИҮЛ ЕЛІМІЗ БОЙЫНША КҮЗГІ КОМИССИЯЛЫҚ БАЙҚАУДАН

1480
АСТАМ ЛОКОМОТИВ ӨТЕДІ.

«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ ВАГОН ПАРКІНІҢ ОРТАША ТОЗУЫ

54%
АСАДЫ.

Актуально

ДАНЫ СТРАТЕГИЧЕСКИЕ ПОРУЧЕНИЯ

Уборочная кампания в Казахстане близится к завершению. На 21 сентября около 95% уборочных работ выполнены. Об этом было заявлено на заседании Правительства под председательством Премьер-Министра РК Аскара Мамина. На мероприятии рассмотрен ход уборочных работ в текущем году, даны поручения, в том числе и АО «НК «ҚТЖ».

Асель ШАЙХЫНОВА,
Нұр-Сұлтан

Глава Правительства отметил необходимость обеспечения поставки сельхозпроизводителями зерна в «Продовольственную контрактную корпорацию» в рамках программы форвардного закупа. Акиматам областей и Министерству сельского хозяйства поручено завершить уборку урожая в кратчайшие сроки, обеспечить засыпку семян в полной потребности под урожай 2022 года. Министерству индустрии и инфраструктурного развития совместно с АО «НК «ҚТЖ» дано поручение принять меры по обеспечению сельхозпроизводителей подвижным составом для бесперебойной транспортной работы зерна.

Аскар Мамин, в частности, отметил, что Казахстан «сохранит потенциал экспорта зерна

в объеме около 6-6,5 миллиона тонн».

В свою очередь, железнодорожники ежегодно качественно и в срок стараются обеспечить перевозку зерна. Для этого грузоотправителям рекомендуется проводить своевременный ремонт своих подъездных путей, а на элеваторах заранее готовить погрузочное оборудование и организовать работу в праздничные и выходные дни. Кроме того, в целях оптимального использования подвижного состава в пиковые периоды погрузки грузоотправителям необходимо четко планировать перевозки зерна и продуктов перемола.

Напомним, только по итогам первого полугодия текущего года железнодорожным транспортом перевезено 4,7 миллиона тонн зерна, что на 12% выше уровня предыдущего года, 1,1 миллиона тонн – продуктов перемола. На 19% вырос экспорт зерна и составил 3,5 миллиона тонн.



Жанибек ТАЙЖАНОВ,
заместитель председателя Комитета
транспорта МИИР РК:

К 2026 ГОДУ СТАВИТСЯ ЗАДАЧА ДО 50% ЭКСПОРТНОГО ГРУЗА ПЕРЕВОЗИТЬ В КОНТЕЙНЕРАХ. НА СЕГОДНЯ ПОТРЕБНОСТЬ В НИХ СОСТАВЛЯЕТ ПОРЯДКА 115 ТЫСЯЧ. ПРИ ЭТОМ В КАЗАХСТАНЕ ЕСТЬ ЗАВОДЫ, КОТОРЫЕ ГОТОВЫ ИХ ПРОИЗВОДИТЬ. В ПРИОРИТЕТЕ ПРОИЗВОДСТВО ЧЕТЫРЕХ ВИДОВ КОНТЕЙНЕРОВ – 20, 40-ФУТОВЫЕ И КОНТЕЙНЕРЫ ДЛЯ ПЕРЕВОЗКИ РУДЫ И РУЛОННОЙ СТАЛИ

«ҚАУІПСІЗДІК ДИАЛОГЫ» – жарақаттанудың алдын алу құралы

Жақында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Орталық аппараты мен өңірлердегі жол бөлімшелері қызметкерлерінің қатысуымен «Қауіпсіздіктің іс-әрекет диалогы» тақырыбында Компания жұмыскерлерінің біліктілігін арттыруға және еңбек қауіпсіздігін дамытуға бағытталған үш сағаттық оқу курсы өтті.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Нұр-Сұлтан

ZOOM платформасында онлайн форматта өткен оқу бағдарламасын Компанияның еңбекті қорғау жөніндегі ішкі жаттықтырушысы, «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және экология департаментінің менеджері Баян Смаилова жүргізді.

Онлайн оқу курсы қазіргі таңдағы маңызды

тақырыптың бірі COVID-19-ға қарсы жасалып жатқан вакцинация төңірегінде «қауіпсіздік минутынан» басталды. Екпе алудың оң әсері, вакцинациялану кезеңдері және вакцина алу кезіндегі сақтық шаралары, ұжымдық иммунитетті қалыптастыру пайдасы туралы мағлұмат берілді. «Қауіпсіздіктің іс-әрекет диалогы», «Жұмысты тоқтату», «Салдарсыз оқиғалар» сынды маңызды тақырыптардан тұратын бағдарлама жұмыскерлерге жұмыс орындарында техника қауіпсіздігіне мұқият болуға, әрдайым жергілікті жердегі еңбекті

қорғау ережелері мен нұсқауларының талаптарын бұлжытпай орындауға, әр жұмыскерге тек өзінің ғана емес, сондай-ақ жан-жағындағы әріптестерінің қауіпсіздік мәдениетін көтеруге, оны одан әрі дамытуға үлес қосуға мүмкіндік беретіні айтылды. Оқу бағдарламасы негізгі үш сұрақты қамтиды. Біріншісі, қауіпсіздік мәдениеті жағынан қазіргі таңда біз қайдамыз, бағалау нәтижелері, орын алған жазатайым оқиғалардың статистикасы; екіншісі, біз қайда болғанымыз келеді, жазатайым оқиғаны болдырмау үшін

не қажет; үшіншісі, нөлдік жарақаттануға (Vision Zero) қалай жетеміз, өзгерудің пайдасы.

«Қауіпсіздіктің іс-әрекет диалогының мақсаты – жұмыс істеу барысында орын алған қауіпті іс-қимылдың себеп-салдарын анықтау және оны түзету. Ол – қауіпті жұмыс істеп жатқан жұмыскерді тоқтату, шынайы, ашық түрде жүргізілетін диалог. Себебі, көптеген жағдайда жазатайым оқиғалар мен қауіпті жағдайлар іс-әрекеттердің дұрыс жасалмауынан болып жатады. Яғни бұл бағдарлама, техника қауіпсіздігінің ережелерін, нұсқауламаларын, еңбекті қорғау талаптарын бұзушыларды іздеп тауып, жазалайтын құрал емес, тексеріп-тергеу емес. Керісінше, жұмыс орындарында жазатайым оқиғалардың алдын алатын, оны болдырмауға септігін тигізетін проактивті құрал», – дейді Баян Смаилова.

(Жалғасы 2 бетте)

БИҮЛГІ МЕЖЕ – 103 МЛН ТОННА



Үстіміздегі жылдың мамыр мен тамыз аралығы және қыркүйектің 15-не дейін «ҚТЖ» ҰК» АҚ желісі бойынша 36,4 млн тонна көмір тиеліп, тасымалданған. Тас көмірдің басым бөлігі – 27,7 млн тоннасы еліміздің тұтынушыларына жөнелтілсе, экспортқа 11,6 млн тоннасы шығарылған.

Бұл туралы «ҚТЖ-Жұк тасымалы» ЖШС алаңында әкімшілік, көмір разрездері мен жол бөлімшелерінің өкілдері қатысқан қатты отынның тиелімі мен түсірілімін қамтамасыз ету бойынша өткен кеңес барысында белгілі болды.

Жылыту маусымына дайындықтың мамыр айында басталып, көмір тиелімі жоспарының алдын ала бекітіліп қойғанына қарамастан бірқатар аймақтардың, атап айтқанда, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстары мен Нұр-Сұлтан қаласының жоспарды орындамағаны белгілі болып отыр. Қыркүйек айында көмір разрездері 8,7 млн тонна көмір тиеліп, тасымалдауға тапсырыс берген. Алайда, «ҚТЖ-Жұк тасымалы» ЖШС басшылығы көмір тиелімін ай сайын 8,8 – 9 млн тоннаға дейін жеткізу қажет деп санайды. Оның себебін, олар күздің қара суығы мен қыс маусымында көмір тасымалына қатысты жүктеме мен жылжымалы құрамның жетіспеушілігін болдырмаумен байланыстырып отыр.

Жалпы биыл 103 млн тонна көмірді тасымалдау жоспарланған. Соның ішінде 71 млн тоннасы ел қажеттілігін өтеуге бағытталса, қалған бөлігі сырт елдерге жөнелтілмек.

Кеңес қорытындысы бойынша жол бөлімшелерінің басшыларына көмір тасымалына қатысты тапсырыстың орындалуын қамтамасыз ету жұмыстарын жалғастыруға, сондай-ақ, вагондардың көмір тиеу және түсіру операциялары кезінде тұру мерзіміне бақылауды күшейтуге тапсырма берілді.

Ислам ТАЛПАТ, Нұр-Сұлтан

№78 (2686) 24/09/2021

АРНАЙЫ КИММЕН ТОЛЫҚ ҚАМТЫЛДЫ

Жан ПЕРДЕБЕК,
Арыс



ЕҢБЕК ҚОРҒАУ

Тоғыз жолдың торабындағы Арыс станциясы теміржолшылардың денсаулығын тексеруге айрықша мән береді. Ол әсіресе бүгінгідей қауіпті вирус өршіген кезде екі есе маңызды болып отыр.

Станцияның еңбек қорғау инженері Базарқұл Махметованың айтуынша, күнделікті ауысым алдындағы медициналық тексеруден күндізгі және түнгі кезекшілікке шығатын 70 адам өтеді. Оның ішінде пойыз құрастырушылар, вагон қозғалысының жылдамдығын реттеушілер, станция диспетчерлері де бар. Жалпы, жарты жыл ішінде кесте бойынша 212 қызметкер медициналық тексеруден өткен, «Д» есебінде 16 қызметкер тұр.

Сонымен қатар, станция теміржолшылары арнайы киіммен толық қамтылды. 102 жұп былғары бөтенке, 85 резеңке етік, 500 дана сигналдық кеудеше, 167 жиынтық костюм, 167 төмен температурадан қорғауға арналған киім, 84 жылы етік, 167 судан қорғауға арналған плащ, басқа да қолғап пен құлақшын, мақпадан жасалған күнделікті бөрік пен жағзы бас киімдер бар, тегіс алынған. Станцияда жұмысшылар үшін жуынып-шайынатын 3 душ бөлмесі жұмыс істейді.

Сондай-ақ, әкімшілік ғимаратқа, технологиялық орталық пен дөңес бекетіне қағазды, пластикті және шыны ыдыстарды бөлек-бөлек сақтау үшін арнайы контейнерлер орнатылған. Ал жұмыс кабинеттеріне қағаз қалдықтарына арнайы қораптар қойылған. Еңбек қорғау инженері есепті кезеңде станцияда 8,452 тонна металл сынықтары жиналып тапсырылғанын айтты. «Станция аумағында қоқыстарды уақытында тазарту, шөптерді жлду жұмыстары тұрақты жүргізіліп тұрады. Өрт қауіпсіздігі бойынша тоқсан сайын өрт дабылының, өрт сөндіру құралдарының, электр қауіпсіздігінің және т.б. жай-күйі тексеруден өтеді. Былтыр 43 дана өртке қарсы құрал-саймандарға техникалық қызмет көрсетіліп, өрт сөндіргіштер қайта зарядталды», – деді Б.Махметова.



ШАРУАШЫЛЫҚ СҮЗГІДЕН ӨТУДЕ

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Шиелі



КҮЗГІ БАЙҚАУ

Қызылорда жол және магистральдық желі бөлімшелерінің басшыларынан құрылған топ күзгі комиссиялық тексеруден өткізуде.

Компанияның стандартты талаптарын орындау, теміржолдың тұрақты жұмысы мен пойыздардың қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, магистральдық желі инфрақұрылымын қолдануда нормадан ауытқуларды жою және саланың қыс маусымындағы мінсіз жұмысын қамтамасыз етуді көздейтін дәстүрлі шара аясында шаруашылық түгел сүзгіден өтіп, теміржолшылар ахуалы да назардан тыс қалмады.

Бөлімшенің оңтүстігіндегі Шиелі станциясына келген топ жұмысты бастап кетті. Қозғалысшылар станциядағы ғимараттар мен жұмыс орындарының, кезекшілер таблосының жағдайымен танысып, мамандармен пікірлесті. Локомотив және вагон пайдалану депосының, байланыс, электр, жол шаруашылығы дистанцияларының басшылары, «Қазкөліккөсіп» ҚБ филиалы төрағасы Бауыржан Ахметов, бөлімшенің кадр бөлімі басшысы Жанар Ибрагимова, кәсіподақ ұйымы төрағасы Мұхтар Көпирбаев станциядағы теміржолшылардың жағдайымен танысты. Бөлімше басшысының орынбасарлары, ревизорлық аппарат тобы мекемелердегі техникалық құжаттардың толтырылуы, көлік қызметін пайдаланушылармен келісім деңгейін сарапта салды.

Жалпы жылжымалы құрамдардың қозғалысы қауіпсіздігін сақтау шараларын арттыру, сол шараларды іске асыратын теміржолшының жағдайына көңіл бөлуге басымдық берілгені байқалды. Мәселен, кадр бөлімінің басшысы теміржолшыларға компания тарапынан берілетін әлеуметтік жеңілдіктер мен сауықтыру орындарына берілетін жолдама жайлы түсіндірді. Жүк тасымалы бөлімшесінің директоры локомотив депосында тепловоздардың күтімі, жанар-жағар майдың үнемделуіне, тасымалдың оңтайлы ұйымдастырылуының үлестірілуіне, тіпті жұмыс орнының ішкі-сыртқы тазалығына дейін мән беріп, жұмысшыларға қолайлы жағдай жасалуына назарға алды.

Сонымен қатар, ғимараттардың техникалық жайы, өндірістік және еңбек тәртібінің ахуалы, жасанды құрылыстар мен желілік құрылым нысандары да сыннан өткізіліп, жол сапасы тексеруден өткізілді.

– Осыған дейін бөлімшенің солтүстігіндегі учаскелерді тексеруден өткізген комиссиялық топ ендігі кезекте Қызылорда станциясы мен айналасындағы нысандарды аралап келеді. Негізгі мақсат – компания мен бөлімше басшылығы бекіткен талаптарды орындау арқылы бөлімшенің қыс мезгілінде қалыпты жұмыс атқаруын қамтамасыз ету. Комиссиялық тексеру кезінде күнделікті атқарылатын шаралармен қатар назарға алынған оқиғалықтарды сараптап, кем-кетікті қалпына келтіру, персоналдың білімі мен білігін тексеру, жұмыстың сапалы орындалуына қойылатын талап көзбе-көз ескерілді, – деді бөлімшенің техникалық бөлімінің басшысы Жарқынбек Рсымбетов.

Күзгі байқау аймақта қазан айының алғашқы онкүндігіне дейін жалғасады

Суретті түсірген автор

Инфрақұрылым

ТЕМІРЖОЛ ТҰЙЫҚТАРЫНА СҰРАНЫС АРТҚАН

Еліміздің шығысында соңғы үш жылда 198 шақырымды құрайтын теміржол және автомобиль жолдары жаңадан салыныпты. Олардың барлығы кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы аясында инженерлік-инфрақұрылымдық нысандардың құрылысын жүргізу бойынша қолға алынған.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Теміржол түйықтары мен кірме жолдар салуда Семей ЖТ бөлімшесі республикада көш бастап тұр. Автокөлік және теміржол қатынасы үшін 2018 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін жалпы сомасы 3,7 миллиард теңгеге 31 жоба іске асырылыпты. Бұл жобалар жолдар мен теміржол түйықтарын түрлі кәсіпорындарға жеткізу бойынша жұмыстарды құрайды. Оны негізінен орта бизнесті қолдау мақсатында облыс әкімдігі қаржыландырған. Соның нәтижесінде Жаңа-Семей, Аягөз, Жаңғызтөбе, Шар станциялары бойынша жаңадан түйық желілер салынған және әрі қарай да жалғаспақ. Себебі, қазіргі таңда түрлі кәсіпорындардан, оның ішінде агроөнеркәсіптік сектордан 9 өтінім өңделуде. Яғни, астық элеваторлары мен өсімдік майын өңдейтін зауыттарға, құрылыс заттарын өндіретін кәсіпорындарға жаңадан теміржол түйықтарын салу қажет. Осы орайда инфрақұрылымды дамыту үшін арнайы жобаларды іске асыру бойынша бірқатар жоспарлар бар.

Жобалау-металдық құжаттамалары әзірленген, сараптамалардың қорытындылары дайын нысандарға облыс әкімдігі қаражат салуға дайын. Бұл ретте белсенді құрылыс жүргізіп жатқан кәсіпкерлердің де саны артып келеді. Мәселен, Семейдегі былғары кәсіпорны мен Глубокое қаласындағы май экстракциялық зауыттың алуға болады. Дегенмен теміржол салу бойынша Жаңғызтөбе



станциясының қызметін пайдаланатын түсті металл кенін өндіруші кәсіпорындар алдыңғы орында тұр. Олардың тарапынан екі өтінім орындалған.

Жалпы Жарма өңірі бойынша, өткен ғасырдың 90-шы жылдарындағы тоқырау тұсында жабылып қалған байырғы кен орындары қайта ашылып жатыр. Соның нәтижесінде әлеуетті клиенттер тарапынан түйық желілер салуға байланысты ұсыныстар көптеп түсуде. Бұл тарапта тағы үш өтінім келіп түсіпті. Сондай-ақ, пайдаланусыз қалған кірме жолдар мен қосалқы жолдар толықтай орташа жөндеуден өтіп, қайтадан пайдалануға берілген.

Сонымен қатар, Аягөз станциясы бойынша да түйық желі салу ісі қарқынды. Ал, бұл шаралардың барлығы Семей ЖТ бөлімшесі үшін тың жауапкершілік жүктемек. Бөлімшенің қозғалыс қауіпсіздігі бөлімінің бастығы Дәулет Сүлейменовтің айтуынша, қазіргідей астық және көмір тасымалы қызған шақта маневрлік тепловоздарға түсетін тапсырыс саны күрт артып, вагондарды дер кезінде жинап алудың өзіндік қиыншылығы туындайтын көрінеді. Әйтсе де, жаңадан жол салынып, желінің узаруы жұмыс көлемін де арттыратыны хақ.

Суретті түсірген автор

ҚАСТЫҚ ЕМЕЙ НЕМЕНЕ?!



ҰРЛЫҚ

Жолға шығып қозғалыс қауіпсіздігіне кедергі келтіретін мал мен жаннан бөлек теміржолшылардың «бас ауруына» айналған тағы бір мәселе бар. Ол – теміржол мүлкінің қолды болуы. Әсіресе, жүк және жолаушы пойыздары өтетін магистраль бойынан материалдар ұрлайтындардың тірлігі халыққа жасалған қастық демеске лаж жоқ...

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Түбек теміржолында биылғы жылы жолдың рельсі ұрланған жағдай тіркелді. Бұл дерек Маңғыстау жол дистанциясының аумағында Жетібай станциясы мен Өзен аралығында 128-шақырым алтыншы пикетте орын алды. Онда салуға дайын тұрған Р65 типті 25 метрлік рельсті оңай ақша тапқысы

келген қаскүнемдер алып кеткен. – Маңғыстау жол дистанциясы бойынша былл сегіз айда бір ұрлық оқиғасы тіркелді. Шығыны – 53 305 теңге. Өткен жылы осы кезеңде үш ұрлық болған. Биыл халықпен кездесіп, түсінік жұмыстарын жүргізудің нәтижесінде мұндай факт азайды. Дегенмен, бір оқиға болса да, анау-мынау емес, 25 метрлік рельсті қолды еткендерге сөз жоқ. Жолаушылар пойызы жүретін учаске-

лерде теміржол мүлкін ұрлау – террористік әрекетпен парапар. Теміржолмен жолға шықпайтын адам кемде-кем. Ол жолмен сіздің жақындарыңыз, отбасыңыз жүреді. Сондықтан, өзіміз ішетін құдыққа өзіміз түкірмейік деп тұрғындарға ескертумен келеміз. Ұры алыстан келмейді, сол төңіректі білетін, көріп жүргендер, – дейді Маңғыстау жол дистанциясының жетекші инженері Мұхтар Құлманбаев.

Оның сөзіне сүйенсек, жалпы еліміз бойынша жыл басынан бергі сегіз айда жол шаруашылығында жолдың жоғарғы құрылысының элементтерін ұрлаудың 11 жағдайы тіркеліп, соның ішінде алтауы Жамбыл жол дистанциясының Ақыртөбе-Ақшолоқ, Малдыбай-Ақыртөбе аралықтарында, Жамбыл станциясы аумағында болған. Бесуей Қарағанды жол дистанциясының Жаңа-Ауыл-Көкпекті-Қарағайлы территориясында болған.

Онлайн-курс

«ҚАУІПСІЗДІК ДИАЛОГЫ» – ЖАРАҚАТТАНУДЫҢ АЛДЫН АЛУ ҚҰРАЛЫ



(Соңы. Басы 1 бетте)

Ішкі жаттықтырушының айтуынша, корпоративтегі қауіпсіздік мәдениеті жұмысшылардың санасында болуы керек, ал жұмыскердің санасына жеткізу үшін, басшылар біріншіден өздерінің көзқарастарын түбегейлі өзгертуі қажет. Мәселен, Орталық аппараттан өндіріс жұмыстарын тексеруге комиссия келді делік. Бұл жағдайда, жергілікті басшылық не істеу керек? Ең алдымен келген тексеруші меймандарға қауіпсіздік ережелерінің талаптарына сай нұсқаулық өткізіп, қасқа беріп, яғни жалпыға бірдей ереже талабын сақтау керек.

«Біздегі қауіпсіздік мәдениетінің әлсіздігін көп жағдайда, басшылар тарапынан жауапкершіліктің жетіспеуі, олардың құзыреттілігін асыра қолдануы және де қауіпсіздікке деген кері көзқарастары; жұмыстың тез орындалуын талап ету, еңбек қорғау ережелерін сақтамай жұмыс істеудің ыңғайлы жолдарын іздеп, тезірек бітіргісі келу сияқты факторлар құрайды», – деген Баян Смаилова, Vizion Zero концепциясының алтын ережелерінің бірі – ол келген мекеме, ұйымда айқын көшбасшылықтың болуы керектігін айтады. Яғни, жұмыскерлер арасында қауіпсіздік

мәдениетін орнататын көшбасшы – бұл жерде, мекеме жетекшісінің сөйлеген сөзі мен істеген іс-әрекетінде қарама-қайшылық болмауы қажет.

Өз кезегінде, лектор тыңдармандарға адам өміріне зиян тигізетін, қауіпсіздік нормалары сақталмаған жұмыстарды тоқтату керектігін, Қазақстан темір жолында жұмыс істейтін әр адамның қауіпті жұмыстарды тоқтатуға толықтай құқығы бар екенін және осы ретте оларға «Қауіпсіздік диалогы» мобильді қосымшасы көмек қолын соза алатынын жеткізді.


«Жұмысшылардың жаңа қауіпсіздік құралдарын белсенді қолдануын ынталандыру үшін сыйақылар да қарастырылған. Әр ай сайын жазатайым оқиғалардың алдын алған және оны тоқтатуға септігін тигізген, қауіпті іс-әрекеттер мен қауіпті жұмыс шарттарын анықтаған жұмыскерлер марапатталады. Ол үшін не істеу керек? Жұмысшылар KTZ HSE ISPB мобильді қосымшасын өз смартфондарына жүктеп алып, оған өз атынан тіркелулері керек. Сосын жұмыс орындарында қауіпті жұмыстарды не болмаса қауіпті іс-әрекеттерді анықтап жатса, ұлы қосымша арқылы жүйеге енгізіп, фото-видео жазбаларымен дәлелдеме жіберуі керек. Дәл осы

мақсаттарда ұялы қосымшаны қарқынды қолданудың жеңілпаз атануға тигізер көмегі мол. Компаниямыздың арнайы құрылған комиссия мүшелері сыйақыға тағайындалатын жұмыскерді өндірістік қауіпсіздіктің интегралды жүйесінің мәліметтер базасынан таңдап алып, сәйкесінше шешім шығарып, қажетті іс-құжатпен растайды. Ынталандыру жүйесінің шынайы және қалыпты жағдайда жұмыс істейтінінің дәлелі ретінде, 2020 жылдың қорытындысы бойынша ең үздік деп танылған жұмысшыға 3 млн теңге көлемінде шет елге отбасымен қыдырып келуге жолдама берілгенін айтар едік. Жолдамаға «ЭТЖК» ЖШС Қарағанды филиалының Жезқазған станциясының атқыштар командасының бастығы Ербол Баймағамбетов не болды», – деген ішкі жаттықтырушы KTZ HSE ISPB ұялы қосымшасын қалай жүктеу, оған қалай тіркеліп, онымен қалай жұмыс жасау керектігі жайлы да егжей-тегжейлі баяндап берді.

Оқыту барысында «оқиғалар айсергі» негізінде қауіпті жағдайларға алып келетін іс-қимылдар, қауіпті әрекеттер мен қауіпті оқиғалардың қиылысу нүктесі анықталып, жазатайым оқиғалардан мысал келтіріліп, түсініктемелер берілді. «Жүз рет естігеннен бір рет көрген артық» демекші, шынайы орын алған жазатайым оқиғаның негізінде түсірілген бейнефильм де көрсетілді. Сол кездегі жарақат алған адамның қазіргі таңдағы қауіпсіздікке деген көзқарасы тыңдайшыларға әсер етпей қоймайды. Толығымен мемлекеттік тілде өткен оқу курсы соңында қатысушылар бағдарламаның тиімділігі мен маңыздылығын жан-жақты ашып, қарапайым тілмен жеткізіп, түсіндіріп берген жаттықтырушыға да, теміржолшылар арасында қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру үшін қолдануға технологиялар арқылы жаңа әдістерді енгізіп отырған Ұлттық компания топ менеджерлеріне де жылы лебіздерін білдіріп, сабақтың мазмұнды өткенін бірауыздан растады.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

НАХОДИТЬ НЕИСПРАВНОСТИ ПОМОГАЕТ ТЕХНИКА



МЕСЯЧНИК

В Серебрянской дистанции пути (ПЧ-38) подходит к концу месячник «Своевременное устранение отступлений, неисправностей, выявленных диагностическими средствами, – залог обеспечения безопасности движения». В этот период работники путевого хозяйства заостряют внимание на том, чтобы устранять те неисправности, которые выявляют с помощью диагностических средств.

Ольга УШАКОВА,
Кумистау

Такой месячник проводится с 1 по 30 сентября по всем дистанциям пути.

– На основе приказа Дирекции магистральной сети в ПЧ-38 издали свой приказ о проведении месячника, составили план мероприятий, назначили ответственных лиц, – рассказал исполняющий обязанности начальника производственно-технического отдела Серебрянской дистанции пути Георгий Колмаков. – Мы постоянно ведем работу по выявлению и устранению дефектов пути, но в период месячника заострили внимание на том, чтобы устранять те замечания, которые выявляются диагностическими средствами. У нас ходят дефектоскопные тележки, вагоны-лаборатории, вагоны-дефектоскопы СВД, «Авикон», которые выявляют дефекты рельсов, а также путеизмерительные вагоны ПС и МДК. Это мобильные средства, которые могут выявить неисправности пути.

По его словам, каждый дефект пути имеет свой рисунок и техника это выявляет. С помощью путеизмерительных вагонов смотрят геометрию пути, шаблон, рихтовку, состояние путевого хозяйства в целом.

– По их ходу выдают результаты. Указываются неисправности, их количество, отклонения в содержании пути, – продолжает Георгий Колмаков. – Согласно месячнику, мы после прохода этих вагонов уже занимаемся устранением выявленных дефектов. Вообще, у нас



КАЖДЫЙ ДЕФЕКТ ПУТИ ИМЕЕТ СВОЙ РИСУНОК, И ТЕХНИКА ЭТО ВЫЯВЛЯЕТ. С ПОМОЩЬЮ ПУТЕИЗМЕРИТЕЛЬНЫХ ВАГОНОВ СМОТРЯТ ГЕОМЕТРИЮ ПУТИ, ШАБЛОН, РИХТОВКУ, СОСТОЯНИЕ ПУТЕВОГО ХОЗЯЙСТВА В ЦЕЛОМ.

2 раза в месяц проходят такие работы. В начале месяца путеизмерительный вагон идет в рабочем порядке, выявляет неисправности пути, а в конце месяца путеизмеритель уже с контрольным выездом проверяет нашу работу, что

мы сделали за месяц. Неисправности подразделяются на неотложные, которые необходимо немедленно устранить. Они угрожают безопасности движения. А есть и такие, которые устраняются в плановом порядке. Когда техника проходит, нам выдается специальная ведомость, в ней указываются все неисправности, какой они степени: второй, третьей и четвертой. К примеру, неисправности второй и третьей степени устраняются в течение трех суток, а четвертая степень требует ограничений скорости или закрытия участка. Их необходимо устранить немедленно.

Фото Александра ЖАБЧУКА

РЕЗУЛЬТАТ ЗАВИСИТ ОТ ВНИМАНИЯ



БЕЗОПАСНОСТЬ

За 8 месяцев текущего года от алматинских локомотивщиков в «Книгу замечаний машинистов» поступил 4051 рапорт против 2393 за аналогичный период прошлого года. По количеству замечаний лидирует хозяйство движения – 2317 рапорта.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Об этом говорилось во время совещания в Алматинском эксплуатационном локомотивном депо при подведении итогов за 8 месяцев текущего года. В депо проводится целенаправленная работа по укомплектованию и расстановке кадров в соответствии с установленными нормативами численности и профессиональными требованиями, проводится профессиональный отбор кандидатов на должности, связанные с движением поездов.

Допущено 148 случаев заходов на внеплановый вид ремонта локомотивов с простоем в 5231,21 часа. Тем не менее, снизились случаи нарушений по данным расшивки скоростемерных лент. Так, если в прошлом году за аналогичный период было зафиксировано



68 случаев, то в текущем – 53. Острым остается вопрос применения машинистами экстренных торможений. С начала текущего года локомотивными бригадами ТЧЭ-28 применено

423 экстренных торможения. В том числе на людей – 144, на скот – 138 случая.

Волнует железнодорожников и низкая водительская культура автолюбителей. Только с начала

года зафиксировано 4 столкновения с автотранспортом.

– На предприятии широко поставлена организация технического обучения кадров и повышение квалификации, проводится отработка практических навыков действий в нестандартных ситуациях, мастерство вождения с опасными грузами, – отметил начальник депо Болатказы Толекпаев.

Кроме того, проводится анализ состояния безопасности движения, выявление «узких» мест, причем в процессе разбора участвуют все локомотивные бригады. Это позволяет сообща рассмотреть все недочеты в работе и принять меры по их устранению. В депо практикуется регулярное проведение внезапных проверок (в том числе ночных), проведение еженедельных дней безопасности движения.

Как отметил начальник депо, работники проявляют высокую сознательность, безупречно выполняют свои должностные обязанности и обеспечивают безаварийную работу. Об этом говорит тот факт, по ТЧЭ-28 нарушений безопасности не допущено.

Фото автора

ЗАТЯНУВШИЙСЯ РЕМОНТ – ПОМЕХА ДВИЖЕНИЮ



СИТУАЦИЯ

В Караганде из-за ремонта дороги на 721-м километре у станции Жана-Караганды основной поток автотранспорта пришелся на Майкудукский железнодорожный переезд, у которого образовались пробки.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

Со слов горожан, из-за проезжающих мимо поездов, особенно в вечернее время, автотранспорт вынужден стоять в ожидании более 30 минут. Жители города уверены, что решением проблемы может стать строительство путепровода.

По словам инженера станции Майкудук Ольги Дорофеевой, проблема появилась из-за затянувшегося ремонта дорог в Майкудуке. Автотранспорт совершает движение по обездвиженной

дороге. Автопоток в этом месте большой. Многие не желают стоять в пробках и сокращают путь через переезд.

– На мой взгляд, это временная проблема. Как только дорогу отремонтируют, все встанет на свои места. Я сама живу в Майкудуке, и мне известно, что такой проблемы ранее не было. Все началось летом, в период ремонта местных дорог, – говорит она.

В свою очередь, в ГУ «Отдел КХ, пассажирского транспорта и автомобильных дорог города Караганды» сообщили, что в



настоящее время разрабатывается проект по строительству путепровода через железную дорогу. Сейчас он проходит го-

экспертизу. После того как будут выделены средства из бюджета, строители приступят к работе.

Фото автора

АВТОМАТИЗИРОВАТЬ ПРОЦЕССЫ

Жанара ЖУСУПОВА,
Павлодар



РАЦИОНАЛИЗАТОРСТВО

В Павлодарских отделениях ГП и магистральной сети увеличивается число рационализаторов среди молодых специалистов. За второе полугодие 2021 года внедрено 22 усовершенствования, еще 3 находится на рассмотрении.

– За первое полугодие при плане 16 рацпредложений, выполнение составило 25. Активное участие в автоматизации и оптимизации процессов на железной дороге принимает молодежь. Это радует. Тематика у всех разная. Например, надежность работы АСУ радиостанции 43 РТС-А2-ЧМ, замена линзовых комплектов на светодиодные модули для входных светофоров с местным питанием и многое другое, – рассказал начальник центра научно-технической информации и анализа филиала Павлодарское отделение магистральной сети Мурат Смаилов.

Руководство Павлодарского отделения магистральной сети особо отмечает рационализатора, технического информатора, начальника участка КТСМ и радиосвязи дистанции сигнализации и связи Вадима Антонова. Он автор более полусотни новаторских разработок, все его рационализаторские предложения направлены за безопасность движения поездов, ликвидацию «узких мест» на производстве.

– Сейчас наша главная задача – создать благоприятные условия для развития среды генерации и развития идей, активно привлекать молодых специалистов к рационализаторской деятельности, – резюмировал Мурат Смаилов.



ЗАЛОГ УСПЕХА

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



В ТРУДОВОМ РИТМЕ

Станция Тобол – одна из ключевых в Костанайском регионе. От ее бесперебойной работы в немалой степени зависит экономическая составляющая развития региона. С этой задачей на сегодня коллектив станции справляется успешно.

Уже не первый год ее возглавляет опытный начальник станции Сергей Яковенко. Благодаря труду сплоченного коллектива идет бесперебойный пропуск поездов по направлениям Апановка – Казанбасы, Тобол – Кушмурун, Аманкарагай – Казанбасы.

– Хочется отметить, что нами успешно выполняются все показатели. Это говорит о высокой ответственности всего коллектива. Сотрудники занимают самоподготовкой во время технических занятий, – говорит Сергей Яковенко.

Помимо обеспечения бесперебойной работы движения поездов, здесь уже приступили к подготовке работы в зимний период. Производят замену материалов на тракционных путях, приводят в порядок производственные и хозяйственные объекты. Активно ведется здесь и сезонный покос травы вдоль путей.

Кроме того, на станции Тобол уделяют особое внимание внедрению новых рационализаторских предложений. В 2019 году благодаря изобретательским навыкам местных железнодорожников удалось найти эффективный способ повышения производительности и одновременно снизить материальные и временные расходы при заезде электровозов в депо. Напомним, здесь был электрифицирован участок съезда разворотной петли не только спереди, но и сзади депо. Теперь движение поездов больше не нужно останавливать. Благодаря данному новшеству освобождается горловина, и задержек поездов теперь нет.

Фото автора

ПОЖАР ЛИКВИДИРОВАН

Светлана МОГАЙ,
Караганда



ЧС

Два пожарных поезда АО «НК «КТЖ» – «Карагандинское отделение магистральной сети» приняли участие в тушении пожара в районе Сортировка.

Как стало известно, на территории предприятия по утилизации отходов и переработке вторсырья произошло возгорание складированных использованных автопокрышек.

По словам руководителя пресс-службы ДЧС Жанны Дауренбековой, в ликвидации пожара были задействованы 95 человек и 23 единицы техники департамента по ЧС, два пожарных поезда АО «НК «КТЖ».

– Пожар был ликвидирован в три часа ночи. Общая площадь горения составила 1000 квадратных метров. Жертв и пострадавших нет. Причиной пожара стал открытый источник огня, – сказала она.

ПРИВИВОЧНЫЙ ПУНКТ НА КОЛЕСАХ



На станции Караганда прошла акция по вакцинации железнодорожников от Covid-19.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

В послеобеденное время на привокзальной площади работниками акимата был установлен автобус, выполнявший функции прививочного пункта на колесах. Как отметил начальник станции Караганда Кайрат Адамбеков, на сегодняшний день в коллективе из 84 сотрудников приняло решение обезопасить себя от КВИ 60 человек.

– Работники станции осознают опасность коронавирусной инфекции, поэтому решили привиться. Главными мотиваторами для них стали коллеги, которые уже вакцинировались от Covid-19, – говорит Кайрат Адамбеков.

В этот день на площади было оживленно. Люди поочередно



заходили в автобус, где медицинские работники заранее оборудовали кабинет. Перед процедурой проводился обязательный опрос и осмотр врача с измерением температуры тела, сатурации, артериального давления. Только если все показатели были в норме, сотрудник допускался к получению первого компонента российской вакцины «Спутник V». Вторую прививку железнодорожники смогут сделать через три недели.

Фото автора

Акция

ТОҚТАҢЫЗ! БАСЫП КЕТУ ҚАУІПІ БАР!



Қазақстан темір жолында осы тақырыпта өтіп жатқан акцияның мақсаты – жергілікті тұрғындарды теміржол бойындағы қауіп-қатерден сақтандыру. Өткен сегіз айда теміржолда адам басу дерегі бытырғы жылдан он жағдайға азайғанмен, 53 рет қайталанған. Оның жиырма сегізі өліммен аяқталған. Пойыздың алдына мал шығуына байланысты машинистер 830 шұғыл тежеу жасаған. Акция 20-25 қыркүйек арасында жалғасады.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Маңғыстауда желілік полиция қызметкерлері жол қозғалысында жоғарыдағыдай қауіп-қатерді сейілту бағытында осындай іс-шаралардың көмегі бар дейді.

– Акцияның бірінші күні Сай-Өтес станциясындағы желілік полиция бөлімшесінің қызметкерлері, теміржол мекемесінің өкілдерімен бірлесіп теміржолға жақын орналасқан №10 бекеттегі тұрғындармен кездестік. Теміржолда белгіленбеген жерден өту, сақтық ережелерін қолданбау, жол маңына мал жаюдың зардабы туралы ескерттік. Оның салдары адам, мал үшін де, қозғалыс қауіпсіздігі үшін де қауіпті қауіпті екенін түсіндірдік, – дейді бұл жөнінде мағлұмат берген Сай-Өтес станциясындағы желілік полиция бөлімшесінің бастығы Нұрлыбек Рахметов.

Алда Баянды, Батыр, Сай-Өтес ауылдарына да осындай түсіндіру шаралары жүргізілетінін, теміржол бойындағы қоршаулардың да тексерілетінін жеткізді.

Суретті түсірген автор

Семей ЖТ бөлімшесінде желі бойындағы қауіпсіздік мәселесі күн тақырыбынан түспей тұр. Әсіресе, жол өтпелері мен теміржолды белгіленбеген жерден кесіп өтушілер қатары азаяр емес.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Осы орайда Семей станциясының желілік полиция қызметкерлері өткізіп жатқан «Тоқтаңыз! Басып кету қауіп бар!» арнайы акциясы желі бойында тәртіпсіздік пен құқықбұзушылыққа жол бермеу, сонымен қатар, пойыздардың адамдарды басып кету фактілерінің алдын алуға бағытталып отыр. Акция аясында желілік полиция өкілдері Семей магистральдық желі бөлімшесі қызметкерлерімен, станция басшыларымен бірлесіп бүкіл бөлімше көлемінде түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жатыр.

– Акция барысында тұрғындар, әсіресе балалар мен жасөспірімдер арасында кең көлемде жұмыс жүргізу көзделіп отыр. Азаматтардың құқықтық танымын арттырып, теміржолдағы қауіпсіз жүріп-тұру мәдениетін қалыптастыру бойынша іс-шаралар атқарылуда, – дейді бұл ретте Семей станциясындағы ЖПБ әкімшілік полиция бөлімінің бастығы Рүстем Әбеуов.

Айта кетерлігі сол, қауіпсіздік шараларымен бірге қоғамдық орындардағы тәртіпсіздік, жаппай пайдалану орындарын ластау, заңсыз сауда жасау сынды келеңсіздіктердің алдын алу бойынша да ақпараттандыру жұмыстары қатар жүргізілуде. Заң бұзушылықтың бұл түрлері желі бойындағы теміржолшылар қауымына да кеңінен түсіндіріліп жатыр. Оған Шар, Жаңғызтөбе, Жарма сынды станция басшылары мен НКЖС-6 қызметкерлері де атсалысуда.

Суретті түсірген автор

АБАЙСЫЗДЫҚ АЖАЛ ҚҰШТЫРАДЫ



Теміржол көлігінің қауіп-қатерін елемей, абайсызда ажал құшып жатқандар саны артпаса, кемімей отыр. ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі баспасөз қызметінің мәліметі бойынша, биыл сегіз ай ішінде 53 адамды пойыз қағып, 28 адам мерт болған.

Ұлан ОРАЗ,
Нұр-Сұлтан

Оқиғаларды талдау мен тексеру қайғылы жағдайларға көбіне зардап шеккендердің өздері кінәлі екенін айғақтайды. Олардың бірі құлаққаппен музыка тындап келе жатып пойыздың келгенін байқамай

қалса, енді бірі масаң күйде жолға шығып кетіп опық жейді, ал кейбірі өмірден түніліп, өз-өзіне қол жұмсамақ болады. Тақап қалған пойыздың алдынан өтіп үлгеремін дейтіндер де бар.

Қаз басталысымен «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ осындай оқиғалардың алдын алу іс-шараларын күшейтті.

Теміржол станцияларында, халық жолды рұқсатсыз кесіп өтетін жерлерде көлік полициясы желілік бөлімшесі қызметкерлерінің қатысуымен рейдтер өткізілуде. Теміржолға жақын орналасқан аудан тұрғындарына қауіпсіздік ережелерін сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

– «Алматы-Ақтөбе» бағытындағы жолаушы пойызы Ақтөбе вокзалына келіп, халық түсіп болғаннан кейін маневрлік тепловоздар бос вагондарды паркке алып кетеді. Сол кезде белгісіз ер адам маневрлік тепловозға мініп, одан вагонға секірген. Теміржолшылардың ескертуді тыңдамаған. Перронда жүрген полиция қызметкерлері оны жерге түсіріп, бөлімшеге жеткізді. Ер адамның ішімдік ішкені анықталды», – дейді Ақтөбе станциясы желілік полиция бөлімінің өкілі Жакен Артықов.

Белгілі болғандай, 25-30 жас шамасындағы жігіт жұмыссыз. Өзінің айтуынша, Ақтөбе қаласында бес жылдан бері тұрады. Туған жері – Алматы облысы. Ол бұған дейін де қоғамдық орынға масаң күйде келгені және ұсақ бұзақылық үшін жауапкершілікке тартылған екен.

АЛМАТЫҒА БАРМАҚ БОЛҒАН...



Ақтөбе теміржол вокзалында тепловоз төбесіне мініп, вагонға секірген тұрғын жауапқа тартылды. Стратегиялық аймақтың тәртібін бұзып, теміржолға және өз өміріне қауіп төндірген тұрғынға қатысты әкімшілік іс қозғалды.

Ардақ ЕРҮБАЕВА,
Ақтөбе

«Теміржол көлігінде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережесін бұзу», «Теміржол көлігін пайдалану ережесін бұзу», «Алкогольдік ішімдік ішу немесе қоғамдық орынға масаң күйде келу» баптарымен жауапкершілікке тартылған тұрғыннан жауап алу кезінде ол пойыздан «Алматы» деген жазуды көріп, мініп кетуді ойлағанын айтқан.

Оқиға 21 қыркүйек күні сағат 15:30 шамасында «Алматы-Ақтөбе» бағытындағы жолаушылар пойызында болған. Ер адам маневрлік тепловоздың үстіне мініп, вогонның үстіне секірген. Перронда болған бұзақылық желілік полиция қызметінің жедел әрекетімен дереу тоқтатылды.

НА ПЬЕДЕСТАЛЕ – ЮНЬЕ ШАХМАТИСТЫ



В АО «НК «КТЖ» состоялся онлайн-турнир по шахматам среди детей железнодорожников, посвященный Дню знаний. Свои силы в интеллектуальном состязании попробовали порядка 30 юных шахматистов из разных регионов страны. Победителем общего зачета стал 9-летний представитель столицы Динмухамед Булатов.



Любовь РОВБА,
Нұр-Сұлтан

Турнир организован учебно-образовательным центром «Мерей» в рамках сотрудничества с АО «НК «КТЖ». За звание лучших ребята боролись на игровой шахматной платформе lichess.org по швейцарской системе в 8 туров (с контролем времени 7+2).

– Приятно отметить, что уровень и мастерство детей железнодорожников быстро растут. Многие из них в начале года только изучали фигуры, а сейчас уже участвуют в чемпионатах и составляют конкуренцию друг другу, – поделился главный судья турнира, старший тренер шахматной школы «Мерей», кандидат в мастера спорта Ахмет Окпебаев.

Дети с большим энтузиазмом проявили себя в турнире. Он открыл немало новых имен. Так, в возрастной категории до 9 лет лучшим стал 5-летний Еркем Кудайберген из столицы. Маленький шахматист одержал победу в 4 партиях и обошел своих старших соперников по баллам. В шаге от него остановилась 8-летняя Амина Бекмурза, представлявшая Шымкентский регион, а «бронзу» получили 6-летний астанчанин Айсултан Даутқали.

В возрастной категории от 9 до 11 лет призовые места распределились следующим образом: «золото» у Мираса Карагизова из Карагандинского региона, «серебро» завоевал Иван Егоров (Шымкентский регион), а «бронзу» – представитель Костанайской области Аскар Төлеу. К слову, все призеры оказались ровесниками – 2011 года рождения.

Организаторы предусмотрели также отдельные награды для прекрасной половины участников. Среди девочек больше всего баллов по итогам турнира набрала Айдана Баходир из Семейского региона, дополнила свою копилку второй серебряной медалью Амина Бекмурза, а третье место заняла Камила Кисамеденова из Атырауского региона.

Что касается главных наград турнира – медалей по итогам общего зачета, их заслуженно получили настоящие фанаты шахмат.

Две ступени пьедестала почета за-

няли представители семьи Баходир из Семейского региона – Ансар Баходир стал серебряным призером состязаний, а его сестра Айдана получила «бронзу». Золотую медаль и Кубок победителя завоевал перворазрядник 9-летний Динмухамед Булатов из столицы. За его плечами – медали и кубки республиканских, областных и международных чемпионатов и турниров. Отличник учебы, талантливый шахматист, Динмухамед является примером неординарного ума, трудолюбия и упорства не только для своих ровесников, но и старшего поколения.

– Шахматами Динмухамед занимается уже два года. За это время прошел путь от пятого до первого разряда, сейчас он в шаге от звания кандидата в мастера спорта. Мы очень рады его успехам, а победа на турнире среди детей железнодорожников для нас особая гордость, – поделилась мама победителя Айтаным Жумабаева. – Не могу не отметить нашего тренера Ахмета Окпебаева, который вкладывает душу в своих учеников, умеет заинтересовать, найти подход к каждому. Победы Динмухамеда на турнирах разного уровня во многом его заслуга. Наш сын буквально «болеет» шахматами и ставит перед собой большие цели.

Родители юного шахматиста без малого 20 лет работают на стальной магистрали. Тимур Аманов – начальник отдела технической политики филиала АО «НК «КТЖ» – «Дирекция автоматизации и цифровизации» (ЦДАЦ), Айтаным Жумабаева тоже трудится в ЦДАЦ, в отделе экономики и финансирования.

– Наблюдать за успехами наших воспитанников, видеть их горящие глаза, активность – очень радостно. Наш тренерский состав старается раскрыть потенциал каждого из них, сделать занятия интересными, поделиться полезными знаниями. Турнир наглядно продемонстрировал, что мы движемся в верном направлении, вовлекая в эту интеллектуальную игру все больше ребятшек и открывая новые имена на спортивном небосклоне КТЖ, – отметила директор центра «Мерей» Султангуль Туякбаева.

Фото Ахмета ОКПЕБАЕВА



В этой рубрике призываем оказывать поддержку коллегам-железнодорожникам, их детям, а также ветеранам магистрали, оказавшимся в трудной жизненной ситуации.

Срочный сбор на операцию!!!

Купавцев Павел, 19.02.2018г.

Диагноз: ВПР левого уха, Микротрия (отсутствие ушной раковины) и атрезия (отсутствие наружного слухового прохода слева, осложненный кондуктивной тугоухостью 3 степени слева)

Сумма к сбору: 13 696 000,00

32 0008 тенге записки от курса. Необходимо 2 знака (по 16 0008)

Я хочу слышать этот мир! МАКСИМАЛЬНЫЙ РЕПОЗИТИВ

Реквизиты для помощи:

4400 4301 1403 7531
8-747-801-67-07
Алексей С.К (папа)

4405 6397 3838 1498
ALEXANDRA KUPAVTSEVA
8-702-188-81-96
Александра С.К (мама)

Реквизиты: Kaspi 4400 4301 1403 7531 или по номеру телефона 8 747 801 67 07, Алексей К. (папа); Народный банк 4405 6397 3838 1498 или по номеру телефона 8 702 188 81 96, Александра С. (мама)

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Газет басылатын қалалар:
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 20 000

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдел басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, С. Бакесова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосыйм Мұқашев 8-778-946-09-66
Шымкент: Жаная Сындыбай 8-707-390-17-18
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Жамбыл: Асқат Райқұлов 8-700-330-01-53
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Караганда: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Костанай: Аслан Кудабасев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубасева 8-702-843-27-97
Көкшетау: Надежда Новицкая 8-701-854-38-27

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу нөмірі берілді.